



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
ортасы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев

2023 ж.

Тест спецификациясы

1. Тест тақырыбы: «Заңнаманы білу» бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттауға арналған тест.

2. Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттаудан өткізу үшін құрастырылған.

3. Міндеттері: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттау деңгейінің талаптарына сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тестке келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде құрастырылған тапсырмалар енгізілген:

| № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|----|-----------------------------------------------------------------------------|----|-----------------------------------------------------------------------------|
| 01 | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі | 01 | Еңбек шарты |
| | | 02 | Жұмыс және демалыс уақыты |
| | | 03 | Еңбек тәртібі |
| 02 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 04 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы |
| 03 | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 05 | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы |

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі: Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының мақсаты, міндеттері мен қағидаттары; еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу; еңбек шарттары, әлеуметтік әріптестік тараптарының келісімдері, ұжымдық шарттар, еңбек саласындағы жұмыс берушінің актілері; еңбек қатынастары субъектілері; еңбек шарты; еңбек шартының мазмұны, еңбек шартының мерзімі, еңбек шартын тоқтату негіздері, ұжымдық шарт, еңбек тәртібі. еңбек тәртібі, тәртіптік жазалар, жеке еңбек дауыш қарау тәртібі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері және олардың өкілеттіктері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы: Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасы, педагог мәртебесі, педагогтің

кәсіби қызметін қамтамасыз ету, кәсіби қызметті жүзеге асыру кезіндегі педагогтің құқықтары, педагогтің материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік кепілдіктерге құқығы, педагогтің көтермелеу құқығы, педагогтің кәсіби қызметімен айналысуға қолжетімділігін шектеу, педагогтің міндеттері, педагогтің кәсіби даярлығы және біліктілігін арттыру педагогикалық этика және педагогикалық этика жөніндегі кеңес.

6. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

7. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

8. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты: бір тест тапсырмасын орындаудың ықтимал уақыты – 1,5-2 минут.

9. Бағалау: Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

10. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы/ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>.

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016 – 176 б.


5. Нургалиева Е.Н. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне түсініктеме. Астана, 2016.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы. Оқу - әдістемелік құрал. А.Х.Тажимаева – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016 – 87 б.

7. Хамзин А. Қазақстанның еңбек құқығы. Жалпы бөлім. Алматы, 2019.

КЕЛІСІЛДІ:

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитеті**


(қолы)

(Т.А.Ә)

« ____ » _____ 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Мектепке дейінгі білім беру
департаментінің директоры

(қолы)

(Т.А.Ә)

« ____ » _____ 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Тәрбие жұмысы және
қосымша білім беру
департаментінің директоры

(қолы)

(Т.А.Ә)

« ____ » _____ 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаментінің директоры

(қолы)

(Т.А.Ә)

« ____ » _____ 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Балалардың құқықтарын
қорғау Комитетінің төрағасы

(қолы)

(Т.А.Ә)

« ____ » _____ 2023 ж.

(Handwritten signatures and initials at the bottom of the page)